

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қарашадағы N 1110 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

"Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 18, 206-құжат; 2006 ж., N 10, 88-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған өкіммен белгіленген Республикалық бюджет комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Мусин Аслан Есболайұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі;

Супрун Виктор Васильевич - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі;

"Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Құсайынов Марат Әпсаметұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, хатшы";

"Құсайынов Марат Әпсаметұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі" деген жол алынып тасталсын;

көрсетілген Комиссияның құрамынан Қ.Н.Келімбетов, Б.Ә.Палымбетов, Л.М.Кармазина шығарылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК